

Қаралды:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ
Педагогикалық кеңесінің
20 ж. «28» 08 № 1 хаттамасы

Бекітемін:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.

Медициналық қызмет көрсету туралы ЕРЕЖЕ

№ 9

28.08.2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) оқушыларына медициналық қызмет көрсету туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы №271 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық денсаулықты басқарудың 2018-2021 жылдарға арналған шаралар жоспары аясында дайындалған «Қазақстан Республикасында мектептегі медициналық қызметтерді ұйымдастыру жөніндегі инструктивтік нұсқаулыққа» сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді, Мектеп оқушыларына медициналық қызмет көрсету бойынша медицина қызметкерлерінің жұмысын реттейді.

3. Ереже Мектеп оқушыларының денсаулығын бағалау, бақылау, қорғау және жақсарту, сырқаттануын алдын алу мақсатында әзірленді.

2. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

1. Мектепте медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары: ауруларды анықтау және алдын алу мақсатындағы жыл сайынғы диспансеризация; профилактикалық екпелердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес мектеп оқушыларына вакцина егу; туберкулезды және басқа да ауруларды диагностикалау; ауруларды алдын алудың, салауатты өмір салтының және өмір сапасын жақсартудың негіздері ретінде білім беру процессіне барлық қатысушылардың денсаулықты нығайту ұғымдарын, икемдері мен дағдыларын қалыптастыру бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

2. Медицина қызметкерлері Мектеп-интернаттың ғимаратында орналасқан медициналық пунктте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мектептің білім алушыларына және мектеп жанындағы

интернаттың тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

3. Мектептің медициналық пунктiнiң үй-жайлары құрамына медицина қызметкерiнiң кабинетi, ем-шара кабинетi және оқшаулағыш кiредi.

3.1. Медициналық қызметкер кабинетiнде балаларды қарап тексеру және құжаттамамен жұмыс жүзеге асырылады; медицина қызметкерлерi медициналық құжаттаманы дұрыс және сауатты толтыруды қамтамасыз етедi. Құжаттама бiлiм беру объектiлерiнiң медициналық құжаттамасы тiзбесiне (Бiлiм беру объектiлерiне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға 11 қосымша) сәйкес жүргiзiледi;

3.2. Ем-шара кабинетiнде профилактикалық екпелер жасау жүргiзiледi. Медициналық ем-шараларды және профилактикалық екпелер жасауды бiр уақытта жүргiзуге болмайды;

3.3. Оқшаулағышта 2 палата бар (ұлдарға жеке және қыздарға жеке арналған), оқшаулағыштың палаталары өтпелi емес, медициналық кабинетке жапсарлас орналасады. Оқшаулағыш мектеп жанындағы интернатта тұратын, ауырып қалған оқушыларды денi сау балалардан уақытша оқшалауға, ата-аналары немесе заңды өкiлдерi, шұғыл жағдайларда жедел медициналық жәрдем дәрігерлері келгенше оларға дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуге арналған орын. ЖРВИ-дің маусымдық жеңіл формалары анықталған жағдайларда мектеп жанындағы интернаттың балалары мектеп дәрігерінің бақылауымен оқшаулағышқа орналастырылуы мүмкін.

4. Медициналық пункт «Медициналық кабинетті жабдықтауға арналған медициналық құрал-жабдықтар мен аспаптар тiзбесiне» сәйкес жабдықталады (Бiлiм беру объектiлерiне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға 10-қосымша);

5. Мектеп өз есебiнен медициналық қызмет көрсетудi жүзеге асыру үшiн жағдайлар жасайды және оларды қамтамасыз етедi: үй-жайларды жинап-тазалау, ағымдағы және күрделi жөндеу, коммуналдық қызметтердiң ақысын төлеу, санитарлық қағидаларға сәйкес медициналық мақсаттағы бұйымдар, инвентарь және медициналық құрал-жабдық сатып алу және т.б.

6. Медициналық кабинеттерде құрал-жабдықтар мен инвентарьды өндiрушiнiң нұсқаулығына сәйкес қолдануға рұқсат етiлген дезинфекциялау құралдарымен санитарлық-дезинфекциялық өндеу жүргiзiледi.

7. Мектептің медициналық пунктiнiң медикаменттерi алғашқы көмек көрсетуге арналған қобдишаның құрамына сәйкес қолданылады.

8. Медициналық қалдықтар Емдеу-профилактикалық объектiлер қалдықтарының барлық түрлерiн жинау, сақтау, қайта өндеу, залалсыздандыру және жою қағидаларына сәйкес жойылады.

9. Медициналық қызмет көрсету педиатрия, алғашқы медициналық-санитарлық және дәрігерге дейінгі көмек бойынша оқушыларға консультациялық-диагностикалық медициналық жәрдем көрсету үшін Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы берген, қолдану мерзiмi шектелмеген, 23.05.2012 жылғы № 0163753 мемлекеттік лицензияға және оған 23.05.2012 жылғы № 0120944 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мектептің медицина қызметкерлері мамандығы бойынша сертификаты болғанда ғана медициналық қызметтерді көрсетеді; талаптарға сәйкес аттестаттаудан өтеді.

11. Талаптарға сәйкес медицина қызметкерлерінің штатына мектеп дәрігері, медициналық мейірбике, диеталық мейірбике жатады.

3. Медициналық қызмет көрсетудің құрамы

1. Медицина қызметкерлері мектеп әкімшілігімен бірлесіп білім алушылардың және интернат тәрбиеленушілерінің денсаулығын сақтауға жауапты болады.

2. Медицина қызметкерлері мектепке түсушілердің және білім алушылардың денсаулығы туралы құжаттары болуын, балалар денсаулығының мамандандырылған музыкалық мектепте білім алуға жарамдылығын бақылайды. Музыкаға дарынды балалардың дұрыс физиологиялық дамуы мақсатында медициналық мәселелер бойынша зерттеп, ұсынымдар мен ұсыныстар береді.

3. Мектептің медициналық пунктінң медицина қызметкерлері білім алушылардың және интернат тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты азайту, профилактикалық екпе жасауды, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және тіркелген МСАК ұйымы бойынша уақытында диспансеризациялауды бақылау, мектеп-интернаттың санитарлық-гигиеналық жағдайын, балалардың мектеп жанындағы интернатта тәулік бойы болуын ескере отырып, тамақтандыру мен жұмыс тәртібін бақылау бойынша шараларды жыл сайын жоспарлап қамтамасыз етеді.

4. Мектептің білім алушыларын жоспарлы түрде диспансеризациялауды, емдеуді және (немесе) ауруы бойынша оңалтуды олар тіркелген МСАК ұйымдарының жалпы тәжірибе дәрігерлері, учаскелік педиатрлары, бейінді мамандары, фельдшерлері және мейірбикелері жүзеге асырады.

5. Мектеп оқушыларының денсаулық жағдайын, тәни және нерв-психикалық дамуын қадағалау мақсатында МСАК ұйымының мамандары Мектеп аумағына келумен және (немесе) денсаулық сақтау ұйымы базасында білім алушыларды жыл сайынғы қарап тексерулер өткізеді. Балалардың денсаулық жағдайында қандай да бір ауытқылар анықталғанда тұрғылықты жері бойынша аумақтық емханаларда тереңдетілген толық зерттеулер мен диспансеризация өткізіледі, осы іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырылған балалық шақ бөлімінің қызметкерлері бақылайды.

6. Медицина қызметкерлері сынып жетекшілері арқылы Мектептің білім алушыларының ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) вакцинациялауға немесе жоспарлы түрде басқа да медициналық қызмет түрлерін жүргізуге келісім немесе бас тарту алу үшін алдағы медициналық қарап тексерулер туралы хабардар етеді.

7. Медицина қызметкерлері Мектептің білім алушыларының тиісті контингентін жоспарлы түрде, маусымдық немесе эпидемиялық көрсетімдер бойынша вакцинациялауды қамтамасыз етеді, екпе алғандарды кейіннен бақылаумен барлық екпелер тек ата-аналардың келісімімен жасалады,

вакцинация алдында балаларды дәрігерлер қарап тексереді, баланы вакцинациялаудан бас тарту оның денсаулық картасында көрсетіледі.

8. Медицина қызметкерлері білім алушыларға, педагогтер құрамына және техникалық персоналға жіті аурулар кезінде және созылмалы аурулар асқынған жағдайда, жарақаттар алған кезде шұғыл медициналық көмек көрсетеді (дәрігерге дейінгі жедел көмек, аумақтық емханаға жолдама беру, «шұғыл» көмек бригадасын шақыру).

9. Мектептің медицина қызметкерлері музыкаға дарынды білім алушылардың денсаулығы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке және дифференциалды тәсіл ұйымдастыруға педагогтерге көмек көрсетеді, медициналық-педагогикалық коррекцияға және балалардың оқу процессіне нәтижелі бейімделуі бойынша ұсынымдар береді.

10. Медицина қызметкерлері психикалық және эмоционалдық саламаттыққа ұмтылдыратын дағдыларға үйретуге үлес қосады, қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларын (темекі тартуды, нашакорлықты, токсикоманияны, алкоголизмді) азайтуға және Мектептің білім алушылары арасында суицид бойынша қауіп-қатер топтарын мектеп психологімен бірлесіп анықтауға қатысады.

11. Медицина қызметкерлері кешенді жұмыс жоспарына сәйкес туберкулездің алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастырады. Декреттелген жастағы балаларға және БҚЖ ревакцинациясы алдында туберкулездық сынамалар қойылады, 15 жастан асқан балалар флюорографиялық зертеп тексеруге жіберіледі. Қажет болған жағдайда балалар толық тексеруге балалар фтизиатрына жіберіледі.

12. Медицина қызметкерлері инфекциялық, саңырауқұлақты және паразиттік аурулары бар оқушыларды анықтайды, қышымаға, педикулезға, дерматомикоздарға балаларды ай сайын тексереді, ауру ошағында қатынасқа түскен балаларды бақылайды.

13. Медицина қызметкерлері оқу процессін және оқытудың қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, Мектеп-интернатта санитарлық-эпидемиологиялық режим сақтауға қатысады; оқушыларды оқыту және тәрбиелеудің гигиеналық жағдайларына медициналық бақылауды жүзеге асырады; Мектептің сыныптары үй-жайларының микроклиматын және білім алушылардың антропометриялық деректерін бағалау мен бақылау жүргізеді.

14. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезеңде «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды жүзеге асырады.

15. Ұтымды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етеді, тамақтанудың сапасына медициналық бақылау жүргізеді, тамақтану режимі, оның ішінде диеталық режим сақталуын бақылайды, сапалы азық-түлік қабылдауға және олардың дұрыс сақталуына бақылау жүргізеді; тамақтану ұланудың алдын алады, мектеп-интернаттың асханасында және буфетінде дайын тамақтың сапасын тексереді, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша консультация береді. Мектептің білім алушыларының және интернат тәрбиеленушілерінің тамақтану

нормалары «Білім беру объектілерінде тамақтану шарттарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарда» регламенттелген.

16. Медицина қызметкерлері мектеп қызметкерлерінің профилактикалық медициналық қарап тексеруден уақытылы өтуін, сондай-ақ олардың профилактикалық екпелерден өтуін ұсымдастырады.

17. Мектеп қызметкерлері және ас әзірлейтін блок жұмыскерлері санитарлық кітапшасында тиісті белгі болғанда ғана жұмысқа жіберіледі;

18. Мектеп қызметкерлері жеке және өндірістік гигиенаны сақтайды: қол тазалығын бақылайды, таза арнайы киім мен аяқ киім киеді, басқа да санитарлық талаптарды орындайды.

19. Білім алушылар, тәрбиеленушілер немесе персоналдың арасында инфекциялық аурулар тіркелген кезде, сондай-ақ профилактикалық мақсатта Мектеп басшылығы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шаралар жүргізеді; медициналық персоналдың біліктілік арттыру курстарында оқу мерзіміне және оқуға қатысуын бақылайды.

20. Медицина қызметкерлері Мектептің білім алушыларының денсаулығына шағымдануына мән бермеу фактілеріне жол бермейді. Қажет болғанда Мектептің, денсаулық сақтау ұйымының басшылығына тиісті ұсыныстар береді.

21. Медицина қызметкерлері мектеп-интернаттың медициналық қызметінің жұмысын жоспарлайды және талдайды; жыл сайын және сұрау бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйымның аумақтық бөлімшелеріне сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық қарап тексерулер өткізу туралы ақпаратты береді.

22. Дәрігерлік этика мен деонтология принциптерін ұстанады.

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстың мазмұны

1. Мектептің медициналық пунктінің медицина қызметкерлері оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында санитарлық ағарту бойынша консультациялық жұмысты ұйымдастырып өткізеді; салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарының мамандарымен бірлесіп педагогикалық кеңестерде, сынып сағаттарында жалпы және ата-аналар жиналыстарында ата-аналардың, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, тәрбиешілердің және педагогтердің арасында салауатты өмір салтын насихаттау саласында сауаттылықты және ақпараттандыруды арттыру бойынша іс-шаралар жүргізеді.

2. Салауатты өмір салтының мынадай дағдыларын білім алушылардың бойына сіңіреді:

- дұрыс және теңестірілген тамақтану;
- психикалық белсенді заттарға, темекіге, алкогольді ішімдікке сын көзбен қарау;
- дене белсенділігі;
- білім алушылардың салауатты өмір салтына ынтасын тәрбиелеу;
- дұрыс күн тәртібін сақтау;

- дұрыс ұйықтау;
- медициналық тексеруден уақытылы өту;
- гигиеналық дағдылар.

3. Білім алушыларды ауыз қуысының гигиенасы ережелеріне үйретеді, білім алушыларға немесе олардың ата-аналарына тіс дәрігеріне қаралу қажеттігі туралы айтып тұрады.

4. Өз денсаулықтарын бағалау және оған көзқарасын қалыптастыру кезінде қосымша ақпарат алу және білім алушылардың белсенділігін арттыру мақсатында олардың денсаулық жағдайы туралы сауалнама жүргізеді.

5. Дене шынықтыру сабақтарына, сондай-ақ мектеп оқушыларының тәни дамуына медициналық бақылау жүргізеді.

6. Сабақтар барысында көзге арналған жаттығулар, білім алушылардың локальды шаршауын басу бойынша сергіту сәттерін өткізу бойынша ұсынымдар береді және бақылау жүргізеді.

7. Жоспарлы карап тексерулердің нәтижелері бойынша дене шынықтырумен шұғылдану үшін медициналық топтарға бөлінуін нақтылай отырып, білім алушылардың жыл сайынғы тізімін әзірлейді.

8. Отбасындағы ересек адамдардың тарапынан немесе мектепте көрсетілген зорлық-зомбылықтың кесірінен денсаулыққа зақым келуге күдік туған кезде орын алған жағдайдың анық-қанығына көз жеткізгенге дейін және одан кейін де іс-әрекет ету және қолдау шараларын қабылдайды. Мұндай жағдайда емдеу-профилактикалық көмек көрсетіледі, медициналық оңалту жүргізіледі, қажет болған кезде ішкі істер органдарына хабарланады.

9. Жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында белгілі жағдайлардағы мінез-құлық көрсету бойынша тақырыптық әңгімелесулер және нұсқамалар жүргізуді ұйымдастырады.

10. Салауатты өмір салты мәселелері бойынша білім алушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен ақпаратты-түсіндіру жұмысын жүргізеді.

4. Нормативтік база

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2. «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2018 жылғы 27 наурыздағы № 126 бұйрығы;

3. «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығы;

4. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы;


5. «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығы;

6. «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысы;

7. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығы;

8. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

9. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ Жарғысы.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
Келісілген:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Бекмурзаева Зубайра Токбаевна	Мектеп дәрігері	
2.	Ахметова Сауле Накеновна	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	
3.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы	
4.	Омирзакова Аккенже Мухамеджановна	Интернат меңгерушісі	
5.	Болсамбеков Нияз Абдыкадырович	Мектеп-интернат заңгері	